

**СИЛЛАБУС**  
**2024-2025 оқу жылының көктемгі семестрі**  
**«БВ02212-Тарих және шетел тілін меңгеру білім беру бағдарламасы,**  
**2 курс (көктемгі, 4семестр)**

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
102760 Ортағасырлық шығыс өркениеті	5	1,7	3,3	-	5	ОБӨЖ саны 5. Бұл БӨЖ дайындау бойынша оқытушының кеңес беру бойынша көмегі
<b>ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ</b>						
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
Оффлайн	Б	Проблемалық, Ақпараттық, Дәріс-презентация	Семинар- талқылау (презентациямен)	Емтихан өткізудің түрі мен платформасын көрсетіңіз Жазбаша емтихан (оффлайн)		
Дәріскер (лер)	Мухажанова Толқын Нұрасылқызы					
e-mail:	<a href="mailto:Tolkynm3010@gmail.com">Tolkynm3010@gmail.com</a>					
Телефоны:	87074927810					
Ассистент (тер)						
e-mail:						
Телефоны:						
<b>ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ</b>						
	<b>Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*</b> Білім алушының пәнді оқу нәтижесінде қол жеткізетін қабілеттерін жазып көрсетіңіз:			<b>ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)</b> Білім алушылардың ОН (ОН 2-ден кем болмау) көрсете алатын білімдерін, дағдыларын, қабілеттерін оқу үдерісінде және тәжірибеде қолдана алатындығының дәлелденген қабілеттілігін көрсетіңіз:		
Ортағасырлық Шығыс өркениетінің қалыптасуы мен даму себептерін, сатыларын, заңдылықтарын зерттеу; Орта ғасырлардағы шаруашылық-экономикалық қатынастардың түрлері мен әлеуметтік байланыстар; феодализм мәнін; ортағасырлық шығыс өркениет адамдарының негізгі дүниетанымдық сипаттамасын; ортағасырлық әлемнің жеке аймақтарының экономикалық,	ОН 1. Ортағасырлық Шығыс елдерінің қоғамдық дамуындағы негізгі тұжырымдарды түсіндіру;			ЖИ 1.1. Шығыс елдерінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени тарихының ерекшеліктерін анықтау, бүгінгі категориялық құралдарды игеру; ЖИ 1.2. Шығыс елдерінің ортағасырлар тарихы бойынша негізгі іргелі зерттеулерге түсіндірме беру; ЖИ 1.3. Ортағасырлар кезеңіндегі экономикалық, әлеуметтік, ғылыми, мәдени, рухани үрдістердің мәнін түсіндіру; ЖИ 1.4. Қабылдаған мәліметті жалпылау және Жүйелеу		

<p>әлеуметтік, саяси және мәдени даму ерекшеліктерін; орта ғасырлар тарихы бойынша деректердің негізгі жиынтығын және дүние жүзілік медиевистиканың маңызды жетістіктерін; орта ғасырлық шығыстық өркениеттің адамзат тарихының дамуындағы рөлі мен маңызын көрсету.</p>	<p>ОН 2. Шығыс елдерінің орта ғасырлар тарихы кезеңіне қатысты деректерді оқып-үйрену нәтижесінде тарихи оқиғаларды түсіндіру, салыстыру, талдау және қорытындылау; ОН 2. Шығыс елдерінің орта ғасырлар тарихы кезеңіне қатысты деректерді оқып-үйрену нәтижесінде тарихи оқиғаларды түсіндіру, салыстыру, талдау және қорытындылау;</p>	<p>ЖИ 2.1. Белгілі бір тақырыптар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізіп, баяндамалар мен рефераттар дайындау; ЖИ 2.2. Ғылыми пікірталастарға қатысып, өз пікірін дәлелді түрде негіздей білу; ЖИ 2.3. Халықаралық ауқымды мәселелердің пайда болуы, дамуы, оны шешу жолындағы күрес тарихын талдау; ЖИ 2.4. Берілген материал негізінде фактілер мен олардың байланысына ғылыми түсіндірме беру. ЖИ 2.1. Белгілі бір тақырыптар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізіп, баяндамалар мен рефераттар дайындау; ЖИ 2.2. Ғылыми пікірталастарға қатысып, өз пікірін дәлелді түрде негіздей білу; ЖИ 2.3. Халықаралық ауқымды мәселелердің пайда болуы, дамуы, оны шешу жолындағы күрес тарихын талдау; ЖИ 2.4. Берілген материал негізінде фактілер мен олардың байланысына ғылыми түсіндірме беру.</p>
	<p>ОН 3. Ортағасырлық Шығыс қоғамының әлеуметтік, экономикалық, саяси және басқа мәселелерін талдауда тарихи білімдерін қолдана білуге үйрету;</p>	<p>ЖИ 3.1. Тарихи процесстің қозғаушы күші мен заңдылықтарын түсіну, тарихтағы «күш қолдану, күш қолданбау» түсініктерінің орнын білу, қоғамдағы саяси ұйымдардың орнын анықтай Алу ЖИ 3.2. Экономика, саясат, мәдениет, әлеуметтік саладағы өзара байланыс пен бағыныштылықты анықтай алу; ЖИ 3.3. Жеке көзқарасын анықтай алу, оны тұжырымдай және дәлелдей білу, құндылықты пайымдаулар жасай білу</p>
	<p>ОН 4. Ортағасырларға қатысты негізгі идеялық-теориялық, идеялық саяси ағымдардың сипаттамасын беру және кезеңнің маңызды қайраткерлерінің саяси портретімен таныстыру</p>	<p>ЖИ 4.1. Жеке елдердегі тарихи оқиғалар мен қайраткерлердің іс-әрекетіне баға беруге үйрену. ЖИ 4.2. Кезеңге қатысты терминдерді, түсініктерді Игеру</p>

	ОН 5. Ортағасырлық эволюцияның модельдерін зерттеу, Шығыс елдерінің мемлекеттілігінің эволюциясын көрсету	ЖИ 5.1. Шығыс елдерінің өтпелі дәуірдегі реформалар мен революциялардың диалектикасын түсіну; ЖИ 5.2. Ортағасырлық Шығыс қоғамының трансформациясының негізгі мәселелеріне анализ жасап үйрену; ЖИ 5.3. Ортағасырлардағы Шығыс елдерінің халықаралық қатынастары мен саясатының эволюциясына анализ жасап үйрену.
<b>Пререквизиттер</b>	«Орта ғасыр тарихы»	
<b>Постреквизиттер</b>	Батыс елдерінің қазіргі заман тарихы; Жаңа империялық тарих	
<b>Оқу ресурстары</b>	<p><b>Всемирная история.</b> Т. 2. Средневековые цивилизации Запада и Востока. Тв. ред. П. Ю. Уваров. Ин-т всеобщ. истории РАН. - М.: Наука, 2012. - 927 с.</p> <p><b>Всеобщая история.</b> Т.2. Восток и Запад в средние века. М., 2021</p> <p><b>Изн Моррис.</b> Сравнительная история цивилизаций. М., 2021</p> <p><b>Мырзабекова Р.С., Жұмағұлов Қ.Т.</b> Орта ғасырлар тарихының терминдері. Алматы, «Қазақ университеті» 2016</p> <p><b>Жұмағұлов Қ.Т., Мырзабекова Р.С.</b> Орта ғасырлар тарихы. Алматы, «Қазақ университеті» 2014</p> <p><b>Жумагулов К.Т., Мырзабекова Р.С., Беделова Г.С.</b> Хрестоматия по истории средних веков. Алматы, «Қазақ университеті» 2016</p> <p><b>Мырзабекова Р.С.</b> Әлем өркениеттерінің тарихы. Алматы, «Қазақ университеті» 2017</p> <p>Интернет ресурсы: <a href="https://www.youtube.com/watch?v=Ukfps-UWkYI">https://www.youtube.com/watch?v=Ukfps-UWkYI</a></p>	

<b>Пәннің академиялық саясаты</b>	<p>Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың <u>Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен</u> айқындалады.</p> <p>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.</p> <p><b>Ғылым мен білімнің интеграциясы.</b> Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.</p> <p><b>Сабаққа қатысуы.</b> Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p> <p><b>Академиялық адалдық.</b> Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа <u>«Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі»</u> тәрізді құжаттармен регламенттеледі.</p> <p><b>Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері.</b> Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы</p>
-----------------------------------	--

тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.

Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail 87074927810 / [tolkynm3010@gmail.com](mailto:tolkynm3010@gmail.com)

Zoom Конференция Мухажанова Т  
<https://us05web.zoom.us/j/86565134450?pwd=FBpwgklFuq80QmAaowSe7jVSu50OBx.1>

**МООС интеграциясы (massive openonline course).** МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.

**Назар салыңыз!** Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

### БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері				
<b>Баға</b>	<b>Баллдардың сандық баламасы</b>	<b>% мәндегі баллдар</b>	<b>Дәстүрлі жүйедегі баға</b>	<p><b>Критериалды бағалау</b> – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.</p> <p><b>Формативті бағалау</b> – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.</p> <p><b>Жиынтық бағалау</b> – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.</p>				
A	4,0	95-100	Өте жақсы					
A-	3,67	90-94						
B+	3,33	85-89	Жақсы			<p><b>Формативті және жиынтық бағалау</b>  Оқытушы бағалаудың өз түрлерін енгізеді немесе ұсынылған нұсқаны қолданады</p>	<p><b>% мәндегі баллдар</b>  Оқытушы өзінің баллдарға бөлуін күнтізбеге (кестеге) сәйкес пункттерге енгізеді.  <u>Емтихан және пән бойынша қорытынды балл өзгермейді.</u></p>	
B	3,0	80-84				Дәрістердегі белсенділік	5	
B-	2,67	75-79				Практикалық сабақтарда жұмыс Істеуі	20	
C+	2,33	70-74				Өзіндік жұмысы	25	
C	2,0	65-69				Қанағаттанарлық	Жобалық және шығармашылық Қызметі	10
C-	1,67	60-64					Қорытынды бақылау (емтихан)	40
D+	1,33	55-59					Қанағаттанарлықсыз	<b>ЖИЫНТЫҒЫ</b>
D	1,0	50-54						
FX	0,5	25-49						
F	0	0-24						

**Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.**

Аптасы	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл
<b>МОДУЛЬ 1. Ерте орта ғасырлар</b>			
1	Д 1. Ортағасыр кезеңі, хронологиясы мен жалпы түсінігі	2	1
	ПС 1.V-X ғғ. кезеңі бойынша жазбаша деректердің сипаттамасы	2	3
	ПС 1. XI – XV ғғ. кезеңі бойынша жазбаша деректердің сипаттамасы	2	3
2	Д 2. Шығыс елдерінде ортағасыр кезеңінің қалыптасуы мен дамуы: сипаты мен ерекшеліктері	2	1
	ПС 2. Өркениет терминінің мәні, қалыптасуы, зерттелуі және теорияларды талдау	2	3
	ПС 2. Шығыс елдерінің ортағасыр кезеңіне қатысты деректер мен зерттеу еңбектерін және теорияларды негіздеу	2	3
	ОБӨЖ 1. БӨЗ 1 орындау бойынша кеңестер НАЗАРЫҢЫЗҒА! 15 апта ішіндегі ОБӨЖ саны (6-7), БӨЗ саны (2-5)		
3	Д 3. Халықтардың Ұлы Қоныс аудару дәуірі (IV- VII ғғ.) маңызы мен ықпалы	2	1
	ПС 3. Ғұн империясының қалыптасуы мен дамуы (Шығыс деректері негізінде)	2	3
	ПС 3. Шығыс және Батыс Ғұн мемлекеттері	2	3
	БӨЗ 1. <i>Ортағасырлық Шығыс тарихына қатысты терминдерді игеру</i> глоссарий құрастыру		25
4	Д 4. Әлем тарихында Ғұн державасының ролі мен ықпалы	2	1
	ПС 4. Аттианың автопортретін құру және деректер негізінде талдау	2	3
	ПС 4. Отандық ғұнтанушы зерттеуші ғалымдардың еңбектерін талдау	2	3
5	Д 5. Жужан державасының қалыптасуы, Қытай елін көшпелілердің басып алуы.	2	1
	ПС 5. Жужан атауының өзгеруін деректер мен зерттеу жұмыстары негізінде зерделеу	2	3
	ПС 5. Ғұн және авар мәдениетіндегі ықпалдастық	2	3
<b>Модуль 2. Дамыған орта ғасырлар</b>			
6	Д 6. Ортағасырлардағы Қытай өркениетінің даму кезеңдері мен ерекшелігі	2	1
	ПС 6. Сун мен Таннан Юань әулетіне дейінгі Қытай өркениеті	2	3
	ПС 6. Қытай мәдениеті: жазу, дін мәселесі, өнер, құрылыстар т.б.	2	3
	ОБӨЖ 2. БӨЗ 2 орындау бойынша кеңестер		
7	Д 7. Ортағасырлық Иран өркениеті	2	1
	ПС 7. Орта Азия аймағында ортағасыр кезеңінде өмір сүрген мемлекеттердің дамуы	2	3,5
	ПС 7. Иран тарихы мен мәдениетін деректер негізінде талдау	2	3,5
	БӨЗ 2. <i>«Батыс пен Шығыс өркениеттерінің қақтығысы» атта тақырыпқа реферат</i>		25
<b>Аралық бақылау 1</b>			<b>100</b>
8	Д 8. Византия өркениетінің қалыптасуы мен шарықтауы	2	1
	ПС 8. Орта ғасырлық Византия тарихы, кезеңдері, саяси дамуы	2	3
	ПС 8. Византия мәдениеті: қоғамда діннің ролі, қалалары, білім мен күнделікті өмір, өнердің дамуы	2	3
	ОБӨЖ 3. БӨЗ 3 орындау бойынша кеңестер	2	
9	Д 9. Араб өркениетінің қалыптасуы мен дамуы жаугершілігі, халифаттардың қалыптасуы	2	1
	ПС 9. Араб мемлекетінен мұсылмандық империяға дейін: құрылымы мен мемлекеттік басқару жүйесінің ерекшеліктері	2	3
	ПС 9. Ислам дінінің қалыптасуы мен таралуы және Крест жорықтарының мәні мен барысын зерттеу	2	3
	БӨЗ 3. <i>«Ислам діні және оның бағыттары» бойынша ғылыми жоба</i>		15
10	Д 10. Ортағасырлардағы Индия өркениеті	2	1
	ПС 10. Делий сұлтандығы кезеңіндегі Индияның әлеуметтік тұрмысы мен сыртқы саясаты	2	3
	ПС 10. Оғыз тайпалық бірлестігінің қалыптасуы мен мәдениеті жазба деректер негізінде сараптау	2	3
	ОБӨЖ 4. БӨЗ 4 орындау бойынша кеңестер		
<b>Модуль 3 Кейінгі орта ғасырлар</b>			
11	Д 11. Түрік өркениеті; қалыптасуы мен шарықтауы, қағанаттары және оның мұрагерлері	2	1
	ПС 11. Батыс және Шығыс түрік қағанаттары	2	3
	ПС 11. Ұйғыр, хазар, бұлғар, печенегтер мен мадиярлар (мажар) қағанаттарының қалыптасуы мен дамуы	2	3
12	Д 12. Ортағасырлардағы Корей, Тибет және Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің дамуы	2	1
	ПС 12. X-XII ғғ., XIII-XVI ғғ., Корей патшалықтары	2	3
	ПС 12. Қыпшақ тайпалық бірлестігі «Дешті Қыпшақ» атауының тарихи мәні; мәдениеті мен өркениеті	2	3
	БӨЗ 4. <i>Қыпшақтану немесе Қазақтану атты тақырыпта ғылыми эссе жазу (ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып) тұжырым жасау</i>		15

13	Д 13. Ортағасырлардағы Жапония	2	1
	ПС 13. XI-XII ғғ., XIII-XV ғғ. Жапония Сегунаттар тарихы	2	3
	ПС 13. Ортағасырлардағы Жания мен Корей мәдениеттері	2	3
	ОБӨЖ 5. БӨЗ 5 орындау бойынша кеңестер		
14	Д 14. Моңғол империясы қалыптасуы, ұлыстары және мұрагерлері	2	1
	ПС 14. Шыңғыс хан және оның империясы	2	3
	ПС 14. Әмір Темір Империясының құрылуы және мәдениеті	2	3
	БӨЗ 5. Коллоквиум. Изн Моррис. Сравнительная история цивилизаций. М., 2021 – Еңбекті оқып, талдау.		14
15	Д 15. Кіші Азия өркениетін дамытушы мемлекеттер: Селжук және Осман Түрік мемлекеттерінің қалыптасуы мен дамуы	2	1
	ПС 15. Осман мемлекетінің қалыптасуы, басқару жүйесі, дін мәселесі	2	3
	ПС 15. Осман империясының мәдениеті	2	3
Аралық бақылау 2			100
Қорытынды бақылау (емтихан)			100
Пән үшін жиынтығы			100

Декан \_\_\_\_\_ Байгунаков Д.С.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша  
Академиялық комитетінің төрағасы \_\_\_\_\_ Бижанова М.Т.

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Мырзабекова Р.С.

Дәріскер \_\_\_\_\_ Мухажанова Т.Н.

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛА				
	P				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	СӨЖ1 25 СӨЖ2 26 СӨЖ3 17 СӨЖ4 17 СӨЖ5 18	СӨЖ1 15 СӨЖ2 16 СӨЖ3 10 СӨЖ4 10 СӨЖ5 11	СӨЖ1 10 СӨЖ2 11 СӨЖ3 7 СӨЖ4 7 СӨЖ5 8	СӨЖ1 5 СӨЖ2 6 СӨЖ3 3 СӨЖ4 3 СӨЖ5 4	СӨЖ1 25 СӨЖ2 26 СӨЖ3 17 СӨЖ4 17 СӨЖ5 18
<b>Тапсырманың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну.</b>	«Өте жақсы» бағасы тапсырманың теориясы толық көрініс тапқан, әр тұжырым мен қорытындының егжей-тегжейлі дәлелдерін қамтитын, логикалық және дәйекті түрде құрылған өзіндік жұмыс үшін қойылады.	«Жақсы» бағасы теориялық мәселелер біршама ашылған, бірақ кейбір мәселелер толық қамтылмаған, негізгі қағидалардың қысқартылған дәлелдері көрсетілген жағдайда қойылады, материалды жеткізудің қисыны мен дәйектілігінде қате жіберілуі мүмкін. Тапсырмада кейбір стилистикалық қателіктер жіберілуі, терминдер дұрыс қолданылмауы мүмкін.	«Қанағаттанарлық» баға өзіндік жұмыста теориялық тапсырма толық ашылмаған жағдайда қойылады, негізгі қағидалар үстіртін дәлелденген, баяндамада композициялық диспропорцияларға, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол берілген.	Тапсырманың теориялық тұжырымдамаларын дұрыс аша алмау, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Тапсырма бойынша негізгі ұғымдарды, теориялық тұжырымдамаларды білмеу, нақты фактілер мен оқиғаларды білмеу.
<b>Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану.</b>	СӨЖ тапсырмаларын толық орындау, жұмысты толыққанды қорғау, қойылған сұрақтарға дәлелді жауап беру, тапсырманың практикалық мәселелерін шешу;	Тапсырманы ішінара орындау, пәннің практикалық міндеттерін толық шешпеу, қойылған сұраққа толық емес, бірақ дәлелді жауап беру; пән бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыздау пайдалану;	Материалды үзік-үзік жеткізіледі, қисын мен дәйектілік бұзылады, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, пәннің теориялық білімі үстірт, біржақты қолданылады.	Тапсырманы шешуде ұтымсыз әдістің қолданылуы немесе жеткілікті ойластырылмаған жауаптың берілуі; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер жіберу.	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытындылар жасай алмау. Сабатқа белсенді қатыспау.
<b>Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуы және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі</b>	Тапсырманы толық орындау, қойылған сұрақтарға толық дәлелді жауап беру, пәннің практикалық мәселелерін шешу; Ғылыми қағидалар, қолданылған әдістеме мен технологияның дәйекті, қисынды және дұрыс негіздемесі, сауаттылық, ғылыми тілдің нормаларын сақтау.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылаумен тұжырымдардағы кіші-гірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.	Тапсырма әрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады.

